

**Деммен шығатын ауадағы этанол буларын талдағыш**

**ISOBER S**



**ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

**ҚАУПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

iSober S аспабы iSober өнімдерінің желісіне кіретін жоғары сыныпты деммен шығатын ауадағы этанол буларын талдағыш (бұдан әрі «алкотестер») болып табылады.

Корпусының шағын дизайнының арқасында аспап пайдаланушының өзінің, жұмысшылар мен жүргізушілердің тестілеу процедурасынан жайлы өтуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. iSober S бір батырманың көмегімен оңай басқарылады, аспап SentechKorea озық технологияларының негізінде қолданылатын сенсордың арқасында дәл әрі шынайы өлшеу нәтижелерін алуға мүмкіндік береді.

Аспаппен жұмыс істеген кезде ішкі және сыртқы есте сақтау құрылғыларын пайдалануға болады. Ішкі жадыға 100 өлшеу нәтижесіне дейін жазуға болады.

Опция ретінде Bluetooth технологиясының көмегімен сыртқы құрылғылармен қосылу мүмкіндігі қарастырылған, ал iSOBER мамандырылған қосымшасы пайдаланушыға көбірек өлшеу деректерін алуға мүмкіндік береді.

## Бұйымның жиынтықтаушылары




Мүштік порты

OLED-дисплей


Қуат батырмасы

micro SD пішіміндегі жады картасына арналған слот

Батарея бөлігінің  
қақпағы



Ашуға арналған ойық



«Up» (Жоғары) батырмасы

«Down» (Төмен)  
батырмасы


AAA типті (сілтілік)  
батареялар

### Жеткізілім жинақтамасының құрамы:

iSober S, қатты қаптама, мүштіктер (5 дана), AAA типті батареялар (2 дана), қабы және пайдаланушы нұсқаулығы

\* MICRO SD пішімді карта жеткізілім жиынтығына кірмейді.

### Аспапты пайдалану тәртібі



1. iSober S аспабын қосу үшін қуат батырмасын басыңыз. (Толық ақпарат төменде келтірілген)
2. Экранда «Blow» (Тыныс алыңыз) жазуы пайда болғанша, аспапты жұмысқа дайындау жалғасады.

(\*Жұмысқа дайындау уақыты секундпен есептеледі (есептеу кері тәртіпте жүзеге асырылады).

3. Аспап белгі бергенше, құрылғыға мүштік арқылы 4 секунд бойы дем шығарыңыз.
4. Нәтиже 10 секунд ішінде көрсетіледі де, кейін iSober S автоматты түрде сөнеді.

(\* Тестті қайта орындау қажет болса, iSober S аспабын қайтадан қосыңыз.)

5. Егер аспапта ешқандай әрекет жасалмаса, iSober S автоматты түрде 1 минуттан кейін сөнеді.

\*Ескертпе: Қуат көзін қосу батырмасын басып, ұстап тұрған кезде, iSober S БЖ тігісін, соңғы калибрлеу күнін және соңғы калибрлеу сәтінен бастап қолданулар санын тексеруге болады.

### Пайдаланушы режимі

Пайдаланушы режимі iSober S күйі туралы толық ақпаратты қарауға мүмкіндік береді.

Пайдаланушы режиміне кіру үшін, «Down» (Төмен) батырмасын басыңыз.



Дұрыс PIN-кодты енгізуіңізді өтінеміз.

Қате болса, кодты қайтадан енгізіңіз.

Егер сіз кодты ұмытқан болсаңыз, авторландырылған сервистік орталықпен хабарласыңыз

\*Үнсіз келісім бойынша код: 0000



\* Соңғы калибрлеу күнін тексеру



\* Пайдалану есептеуішін тексеру

(C: калибрлеуден кейінгі пайдаланулар саны, F: алкогольге реакция, S: жалпы пайдаланулар саны)



\*Уақытты тексеру



\* Күнін теңшеу



\*Күнін теңшеу



\* PIN-кодты орнату

## micro SD пішімді карта арқылы деректерді тарату

Сақталатын деректер хаттамасы:

Құрылғы туралы ақпарат				
Өнім: алкогольдік мастық дәрежесін анықтауға арналған аспап				
Бағдарламалық жасақтаманың нұсқасы: 2.04 нұсқасы				
Соңғы калибрлеу: 2000 ж. 10 наурыз				
Сынақ №	Күні	Уақыты	Аспаптың көрсетулері	Тест нәтижесі
52	2000 ж. 11 наурыз	18:22:57	0.000%ВАС (деммен шығатын ауадағы алкоголь буларының концентрациясы)	ӨТІЛГЕН

\* Жоғарыдағы кестеде micro SD пішімді жады картасынан алуға болатын деректер келтірілген.

### Техникалық сипаттамалар

Қадаға түрі	Тез әсер ететін отын ұяшығы негізіндегі сенсор (Толық өлшем)	
Аккумуляторлық батарея	AAA типті сілтілік батареялар - 2 дана	
Салмағы	82,7 г. (батареяны қоса алғанда)	
Өлшемі (мм)	105 (биіктігі) x 51 (ені) x 17 (қалыңдығы)	
Тест нәтижесі	Дисплейде көрсетілетін мән	0,000 ~ 4,000 г/л 0,000 ~ 4,000% 0,000 ~ 0,400% ВАС 0,000 ~ 2,000 мг/л 000 ~ 400 мг/100 мл
Дайындық уақыты	5 сек ~ 120 сек	
Талдауды орындау уақыты	5 секунд ішінде (0,050% ВАС болғанда, 24°C)	
Дәлдігі	0 - 30 мг/100мл ауқымында ± 5 мг/100мл 30 – 100мг/100мл ауқымында ± 10 % 100 - 200 мг/100мл ауқымында ± 15% 200 – 500 мг/100мл ауқымында ± 20%	
Жұмыс температурасы	0°C ~ 40°C	
Сақтау температурасы	-10C ~ 50°C	
Мүштік	MP1000	
Автоматты сөндіру	1 мин күту мерзімінен кейін	
Дисплейде деректер көрсету уақыты	10 сек	
Калибрлеулер арасындағы интервал	1000 тест немесе 12 ай, қайсысы ерте болуына байланысты.	
Сертификат	CE	
Қосымша сипаттама	Калибрлеуді орындау қажеттігі туралы ескерту Ішкі жады: 100 өлшеу нәтижесі. micro SD пішімді сыртқы жады картасы *Опция: BLE 4.1/ iSOBER қосымшасымен үйлесімдік Сымсыз байланыс сертификаты: CE RED, FCC, Bluetooth SIG	

### Экрандағы ескертулер

- ✓ **Flow (Шығын):** Тыныс сынамаcы өлшеу үшін жеткіліксіз.  
Жұмысқа автоматты дайындау кезеңінен өткен соң, демді күш сала отырып ұзақ шығарыңыз да, талдаудың аяқталуын күтіңіз.
- ✓ **Bat (Батарея):** Батареяның төмен заряды. Батареяларды ауыстырыңыз.
- ✓ **CAL (Калибрлеу):** 1000-нан астам тест орындалғаннан кейін, жұмысқа дайындық алдында iSober S 3 секунд бойы «CAL» символын көрсетеді.  
Осы символдың көмегімен жүйе аспапты калибрлеу мерзімінің келгені туралы ескертеді.

\*1000 тест немесе 12 ай, қайсысы ерте болуына байланысты.


✓ **Err1:** Қысым қадағасының қатесі – Авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

✓ **Err2:** Қадаға қатесі - Авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

✓ **Err3:** Жұмыс температуралары ауқымынан тыс – Қоршаған орта температурасы мен жұмыс температурасын қайтадан тексеріңіз. Егер мәселе жойылмаса, авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

### **iSober S батарея бөлімінің қақпағы қалай ашылады**

Төменгі бөліктегі ойыққа басып, батарея бөлімінің қақпағын шешіңіз.



### **Ескертулер**

1. Тестті ас қабылдау немесе сусын ішуден кейін кемінде 20 минут өткен соң орындау керек. Ауыз қуысында қалған алкоголь немесе тіпті сілекейдің көптігі тест нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін. Бұған спирт негізіндегі ауыз шаятын сұйықтықтарды немесе осыған ұқсас өнімдерді де жатқызуға болады.

2. Мүштікке түтін, сілекей немесе басқа да ластаушы заттарды тыныстамаңыз, себебі бұл қадағаны зақымдауы мүмкін.

3. iSober S аспабын көлік құралын басқару барысында спирттік сусындардың пайдаланылуын бақылауға арналған аспап ретінде қолданбаңыз.

4. Төтенше температуралардың әсерінен қорғаңыз, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

5. Марганец батареяларын пайдаланбаңыз. Тек сілтілік батареяларды ғана пайдаланыңыз.

### **Кепілдік**

Өндіруші қалыпты пайдалану жағдайында сатып алу күнінен бастап 12 (он екі) ай ішінде бұйымдағы және материалдардағы (калибрлеуден басқа) ақаулардың жоқтығына кепілдік береді.

Өндірушінің жауапкершілігі сатып алу фактісін растау шартымен, бұйымды қайтару жағдайында, оны ауыстырумен, түзетумен немесе жөндеумен шектеледі. Осы кепілдік пайдаланушы құрылғыға өзгертулер енгізуі немесе көрінетін зақымдар келтіруі жағдайында жойылады.

### **Калибрлеу және қызмет көрсету**

Калибрлеу және техникалық қолдау үшін SentechKorea өкілдігіне немесе жергілікті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

«МЕДИЦИНАЛЫҚ ГАЗ ЖҮЙЕЛЕРІ» ЖШС

050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Көктем-2 ықш. ауд., 11А үй, 3-кеңсе.

[www.alcotester.kz](http://www.alcotester.kz)

-Өндіруші

Компания: SentechKoreaCorp.

Орналасқан жері: 21-6, Jimok-ro 75beon-gil, Paju-si, Gyeonggi-do, 10880, RepublicofKorea

Тел: +82-31-8071-4400

Электрондық пошта мекенжайы: [sentech@sentechkorea.com](mailto:sentech@sentechkorea.com)